

## Бас директордың хабарламасы

2012 жылдың 1-ші сәуірінен Қазақстандағы «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясындағы қызметіне кірісетін Бас директор мен Өндіріс директорларының тағайындалғанын құрметпен хабарлаймын.

«Биджи Групп» тарапынан Дамиано Ратти - Бас директор лауазымына, ал «Эни» тарапынан Лука Виньяти - Өндіріс директоры лауазымына келеді.

Дамиано ҚПО үшін әсерлі кезеңде қатарға қосылмақ, Қарашығанақ мұнай және газконденсатты кен орнын одан әрі игеруде негіз болатын жуырда ғана Қазақстан Республикасы мен ҚПО құрылтайшылары арасында келісімге қол жеткіздік. Дамиано ҚПО-ның бас директоры ретінде, әлемдегі ең үлкен мұнай және газконденсатты кен орындардың бірі Қарашығанақтың келесі игеру кезеңінің тізгінін қолға алады.

Дамиано «Биджи Групп»-та өз қызметін 2006 жылы бастады, алғашында ол Өндіріс және Технология бөлімінің Басқарушы директоры лауазымында қызмет атқарды, кейін Бас атқарушы директор және Италиядағы «Биджи» компаниясының директорлар кеңесі төрағасы лауазымдарында қызмет атқарған. Оның өндірістігі тәжірибесі іздестіру-барлау жұмыстарын, энергетика саласын, газ және төмендетілген табиғи газ өндіруді қамтиды. «Биджи Групп»-қа дейін ол «Шелл» компаниясының Италиядағы бөлімшесінде әртүрлі басқарушылық лауазымдарында қызмет атқарған. Тура «Биджи Групп»-қа ауысардың алдында ол табиғи газ бөлімінің бас меңгерушісі қызметін атқарған және ол компания қызметінің Италиядағы, Франциядағы, Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі дамуы мен стратегиясының тұжырымдауына жауапты болған.

Лука Виньятидың жауапты лауазымдардағы зор тәжірибесімен қатар оның техника саласында да, шетелдердегі жобаларда, яғни Норвегия, Тунис, Ұлыбритания және Түркіменстанда атқарған жұмыстарының негізінде халықаралық деңгейде өндірістік ұйымдастырушы ретінде де тәжірибесі мол.

Бүгінгі күні Лука арал және құрлықта орналасқан кен орындардан мұнай шығаратын ЭНИ және "Эджишп Ойл" Мысыр мемлекеттік бірлескен кәсіпорны «Аджиба-Египет» компаниясының басқарушы директоры лауазымында қызмет атқарады.

Лукаға ҚПО-да сәтті қызмет тілей отырып, Грэм Скоттонға Өндіріс директоры лауазымында атқарған қызметі мен оның сол кезде қол жеткізген табыстары үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып барлықтарыңызға менің бас директор лауазымында атқарған қызметімнің барысында компанияға көрсеткен ерен еңбектеріңіз бен қолдауларыңыз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін. Компания қызметінің тиімділігі мен нәтижелері расында да жоғарғы дәрежелі және мен біздің осы жетістіктеріңізді аса мақтан тұтамын.

Құрметпен,  
Джузеппе Пази  
Бас Директор.

## Марат Түсіпқалиев Бөрлі ауданының әкімі

Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев 1975 жылы туған, білімі жоғары, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Атырау мұнай газ институтын бітірген. Мамандығы экономист, тау кен инженері. Еңбек жолын 1998 жылы «Қазақойл» ұлттық мұнайгаз компаниясында эксперт болып бастаған. 1999-2001 жылдар аралығында осы департаментте бас инженер қызметін атқарған. Одан кейінгі жылдары «ҚазМұнайГаз» жабық акционерлік қоғамының мұнай және газ өндіру Менеджері қызметінде жасаған.

2007-2008 жылдары - Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары.

2008 жылдан бастап Орал қаласы әкімінің орынбасары.



## Құрметті достар!

Сіздермен бірге өткізген қиындыққа да, жақсылықтарға да толы 2 жыл, міне, аяқталып, енді мен өмірімнің жаңа бөлісіне аяқ баспақпын.

Мен үшін осындай тамаша кәсіби тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берер жер кемде кем шығар. ҚПО-да қызмет ету, осы компанияның бір бөлшегі болу - маған үлкен құрмет болды және де осы өмір жолымда маған жүктелген міндеттерді сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге сүйене отырып атқардым.

Бүгінгі күні өткенге көз жүгіртіп, соншалықты сәтті, әрі бақытты күндерді еске алып барлығыңызға шексіз алғысымды білдіремекшімін.

Тәжірибе өткенге көз жүгіртуден бастау алса, мен үшін ҚПО, ҚПО-ның қызметкерлері Қазақстанда өткізген керемет күндерімнің естелігі болмақ.

Бүгін - менің ҚПО-дағы, жалпы Қазақстандағы соңғы күнім. Алайда баршаңыз да менің есімде мәңгі қаласыңдар.

Әрқайсыңызбен әрқашан әр жерде Қазақстанда болсын, әлемнің басқа бір бөлігінде болсын кездесуге қуанышты боламын.

Сіздерді сағынышпен еске аламын.

Роберто Де Митри.

## БҚО әкімі мен ҚМГ өкілдері Қарашығанаққа келді



2012 жылдың 31 қаңтарында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нұрлан Ноғаев пен Нұрлан Балғымбаев бастаған «ҚазМұнайГаздың» салынып жатқан кәсіпорындары дирекциясы» компаниясының басшылары Қарашығанақ кен орнында болды.

Сапар барысында жоғары мәртебелі қонақтар Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде болып, онда өндірістің ұйымдастырылуымен, қайта өңдеу процесі мен көмірсутегі шикізатының тасымалдануының ұйымдастырылуымен танысты. Сонымен бірге қонақтар ҚПО компаниясының басшыларымен кездесті, яғни ҚПО-ның бас директорының міндетін атқарушы Паоло Релетти қонақтарды компанияның өндірістік қызметінің нәтижелерімен және Қарашығанақ кен орнын игерудің болашақ жоспарлары туралы, ҚПО-ның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды мәселелерді шешуге қатысуы және импорт алмастыру бағдарламасының орындалуы бойынша хабардар етті.

Сапар аяқталысымен қонақтар ҚПО-ның кен орнын игеру барысында қол жеткен жетістіктеріне ризашылық білдіріп, компанияның барлық қызметкерлеріне табысты жұмыс тіледі.

## Өнеркәсіп кешені бастығының тағайындалуы

Құрметті әріптестер!

Мен Франческо Монтидың ҚПО-ның өнеркәсіп кешені бастығы қызметіне тағайындалғанын құрметпен хабарлаймын.

Франческоның мұнай және газ саласында 32 жылдан артық тәжірибесі бар және Италия, Египет, Қытай, Солтүстік Африка, Ирак елдерінде басшылық қызметте 19 жылдан артық қызмет жасаған.

Соңғы екі жылда Франческо ЭНИ компаниясының Ирак еліндегі Zubair жобасында өндіріс бөлімінің басшысы қызметін атқарды.

Ендеше барлығымыз бірге Франческоны жаңа қызметте қарсы алып, Қарашығанақ жобасында оған сәттілік тілейік.

Ізгі ниетпен, Марко Кастелли,  
Еңбек ресурстары бөлімінің басқарушысы.

## Бас директор ҚПО жедел желісі туралы

Компаниямыздағы нормативтік-құқықтық сәйкестік бағдарламаның тағы бір даму сатысын қуанышпен хабарлаймын. Бүгінгі күні ҚПО тегін, анонимдік және құпия "жедел желі" қызметіне ие.

"Жедел желі" қызметімен қамтамасыз ететін "Глобал Комплайэнс" халықаралық жабықтаушымен келісімге қол қойылды. Аталған компания заң бұзушылық жөніндегі мәліметтерге "жедел желі" арқылы шұғыл байланыс жүйесіне рұқсат береді. "Жедел желі" байланысы құқықтық немесе этикалық бұзу туралы, сонымен қатар дискриминация, ар-намыс озбырлығы, мүдделер қақтығысы, табиғатты қорғау заңнамасы мен қауіпсіздік талаптарын бұзу жағдайларында, қаржы саласындағы заңсыз әрекеттер мен паракорлық туралы мәліметтерге ие қызметкерлер үшін тәулік бойы жұмыс жасайды.

"Жедел желі" арқылы қабылданған үндеулер үнемі бақыланады және келіп түскен мәліметтерді талдауға, сол бойынша тиісті шешім қабылдауға жауапты нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша кеңесшіге және басқа да жауапты тұлғалардың назарына жеткізіліп отырады. Келіп түскен мәлімет құпия болып есептеледі және жеткізуші тұлға жасырын болып қалады. "Глобал Комплайэнс" компаниясы мәлімет жеткізген тұлғаны еш анықталу мүмкіндігі қауіпін жоқтығына келіпдік береді.

ҚПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша бөліміне істі тереу мақсатында, "жедел желі" қызметін қолдануға бел буған адамның толық және сенімді мәлімет беруі өте маңызды. Нормативтік-құқықтық сәйкестік комитеті келіп түскен мәліметтер мен сол бойынша қолданылған шаралар туралы ұдайы есеп жазып отырады.

"Жедел желі" қызметін енгізу - ҚПО қызметкерлері мен мердігер компания қызметкерлері үшін әділ және қауіпсіз жұмыс жағдайын тудыру мақсатында және жемқорлықпен күресу жөнінде халықаралық стандарттарға сәйкес болуда жасаған ҚПО-ның тағы бір қадамы болып табылады.

"Жедел желі" қызметі осыған дейінгі қызметкерлердің шешім қабылдауды талап ететін сұрақтарын тікелей бастығына, сәйкестікті ұйымдастыру жөніндегі менеджерге және/немесе нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша кеңесшіге жеткізу мүмкіндігін алмастырмайды.

Толық ақпаратты мына сілтеме арқылы немесе ҚПО интранет-порталындағы нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің ала аласыз.

Қызметтеріңіз бен көмектеріңіз үшін сіздерге үлкен алғысымды білдіремін.

Құрметпен,  
Джузеппе Пази  
Бас Директор.

# Валерий Казаков: Қарашығанақтың болашағы жолында

Биылғы жылдың аяғында КПО компаниясына Ресей Федерациясы мұнай және газ өндірісінің еңбегі сіңген қызметкері, И.М. Губкин атындағы мұнайгаз ҒМУ-мен ғылыми байланыс орнату. Яғни Қарашығанақ кен орнының көптеген мәселелерін шешу, оның бүгінгі жағдайы мен перспективасы, сол сияқты девон дәуірінен қалған қомақты қалдықтарды игеру мүмкіндіктерін қарастыру.

Валерий Менделеевичтің айтуы бойынша И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнайгаз университетінің үлкен ғылыми базасы бар, сол сияқты газ және газконденсатты кен орнын игеру мен пайдалануда Қарашығанақ кен орнында табысты қолдануға болатын бай ғылыми тәжірибесі бар.

Валерий Менделеевич көп жылдар бойы Қарашығанақ кен орнында жұмыс жасаған. Суық ауа райы, ашық аспан астындағы тәулік бойына еңбек вахтасы, бұрғылау барысындағы жердің қаттылығы - осылардың бәрі мұнайшылар жұмысын ауыр ғана емес қауіпті де етті. Кен орны еңбеккерлерінің жұмысын барынша тиімді, әрі қауіпсіз етіп ұйымдастыру үшін нағыз басшы керек болды. Ол басшы Қарашығанақ кен орнына ғана емес, Ақсай қаласына да қамқор көңілмен қарауға тиіс еді. Өйткені, еңбеккерлердің көпшілігі осынау жас қалада тұратын.

Міне, осындай іскер адам Валерий Менделеевич Казаков болды. Оның есімі Қарашығанақ кен орнының, Ақсай қаласының тарихында мәңгілік жазылып қалды.

Ол Қарашығанақта әуелі бас инженер, сосын бас директор қызметтерін атқарған жылдарда өндіріске жаңа технологияны енгізіле бастады. Өндірісте автоматтандыру мен электронды есептеу машинасы, жаңа отандық және шет елдік құрал-жабдықтар пайдаланыла бастады. Қаланың инфрақұрылымына да көп көңіл аударылды.

Көптеген ақсайлықтар осы тамаша адамды үлкен құрметпен еске алады. Ақсайда жаңа шағын аудандарда бес қабатты, тоғыз қабатты үйлердің бой көтеруі де осы Валерий Менделеевич басқарған кезеңде жүзеге асты деп еске алады көз көргендер. Ол әсіресе, мектептер мен



балалар үйлеріне көп көңіл аударды. В.М. Казаковтың басшылығымен ауданда спорттың бұқаралығы артты, спорт жарыстары мен түрлі байқаулар жиі өтетін болды. Ал бұл қала тұрғындары үшін ерекше қуанышты жағдай еді.

В.М. Казаковтың шешімімен негізінен Қарашығанақ кен орнының өркендеуі мен игерілуінен хабар беретін аудандық телеарна мен «Панорама Карачаганака» газеті ашылды. Жақында ғана өз қызметінің 20 жылдығын

тойлаған «Панорама Карачаганака» газеті бүгінгі таңда аудан ғана емес, осы аймақтағы танымал газеттердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта газеттің және телестудияның ұжымы мекеменің іргетасын қалаушы ретінде В.М. Казаковты ыстық сезіммен еске алады.

Қарашығанақта өткізген жылдары туралы Валерий Менделеевич былай дейді: мен үшін кен орнындағы жұмыс тасқын су қоршауында қалған №2 ұңғыма алаңына Орынбордан вертолетпен ұшып келуден басталды. Бұл 1981 жылдың сәуірі болатын. Қарашығанақ кен орнының тағдыры күрделілеу болды. Кен орнын өркендету туралы шешімге түрліше саяси көзқарастар кедергі келтіріп жатты. Алғашқыда қайта өңдеу кешенін тап кен орнының басында салатын болып жоспарланды. Кейін жоспар өзгеріп, кен орны шикізат базасы ретінде қарастырыла бастады. Осыған байланысты қаланың, ауданның абаттандыру жұмыстары жүргізілмей қалды, бұл жұмыстар тек 1987 жылдан басталды.

Валерий Менделеевич Ақсайға келген сапарында өзінің бұрынғы қызметтестерімен, сол сияқты Қарашығанақты игеру барысында ұзақ жылдар біресе еңбек еткен таныстарымен кездесті. Ол КПО-ның бас директоры Джузеппе Пазимен, сосынмен бірге КПО-ның басқа да мамандарымен кездесті.

Қазір Валерий Менделеевич Москва қаласында тұрады. И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінде газды және газконденсатты кен орындарын игеру және пайдалану кафедрасында ұстаздық етеді және ғылыми қызметпен жемісті айналысуда.

Валерий Менделеевич осы күнге дейін Қарашығанақты, онда бірлесе қоян қолтық жұмыс жасаған, сөйтіп, Қарашығанақтың болашағына жол салған еңбек адамдарын үлкен сүйіспеншілікпен еске алады. КПО-ның көптеген қызметкерлері сонау еліміз үшін күрделі жылдары Валерий Менделеевичпен бірге жұмыс жасағандарын мақтан тұтады. Өйткені ол өзінің іскерлік және адами қасиеттерімен, алдын ала ойлай білу және ойлаған ойын адамдардың игілігі үшін жүзеге асыра білу қасиеттерінің арқасында өз өріптестерінің арасында ғана емес, Бөрлі ауданы тұрғындарының ортасында да үлкен құрмет, беделге ие болды.

## Ауыл тұрғындарын толғандыратын мәселелер

Ақпан айының алтысынан бастап аудан әкімі М.Б.Түсіпқалиевтің тұрғындармен дәстүрлі кездесулері басталды. Аудан әкімі Александров, Ақсу және Ақбулақ селолық округтері тұрғындарымен кездесті.

Ақсу селосындағы кездесу жергілікті Мәдениет үйінде өтті. Баяндама бойынша аудан әкімі аудан бюджеті қаңтардың 1-іне табыстар бойынша 94,9% орындалғанын атап өтті. Ауданның өндірістік кәсіпорындары (үй шаруашылығы секторын қоса алғанда) қазіргі бағамен есептегенде 1,3 трлн. теңгенің өнімін өндiрген, бұл өткен 2010 жылдың деңгейімен салыстырғанда 105,1%. Өртүрлі меншік түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар негізгі капиталға 74 млрд. теңге көлемінде инвестиция салған. Марат Түсіпқалиев білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, тұрғындарды әлеуметтік қамту мен қолдау, ішкі саясат пен заң салаларындағы өзгерістер мен қол жеткен табыстар туралы да айтып өтті.

Біздің ауданымызда ауылшаруашылық өндірісімен 117 агроқұрылым, 26 ЖШС, 184 шаруа қожалығы айналысатынын атап өтті. Аудан аумағында өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында Ақсу мен Успеннов ауылдарында өрт сөндіру бөлімдері ашылды, яғни 18 адам жұмысқа орналасты. Сондай ақ шағын және орта бизнес туралы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және құрылыс, жол, елді мекендерді сумен, газбен қамту да өңгіме болды. Бұдан басқа М.Түсіпқалиев 2012 жылға белгіленген міндеттер туралы да айтты: «Ақсай қаласында ескі қала бөлігі үшін канализация жүйесі және бас насос стансасын салу жоспарлануда, 10 шағын

ауданда 320 орындық балалар бақшасы салынбақшы. 10 шағын аудандағы спорттық сауықтыру кешені құрылысының ЖСҚ дайындалып, мемлекеттік экспертиза жүргізілді. Сондай-ақ Жастар сарайы (аудандық кітапхана, неке кино залы, кинозал) құрылысының да ЖСҚ дайындалып, мемлекеттік экспертиза жүргізілді. Эксперттік жобалаудың жеңімпазы «Газ-жобалау» ЖШС болып табылады. Енді Балалардың өнер мектебін сатып алу үшін ЖСҚ дайындауымыз керек, өйткені бұл жөнінде келісім бар.

Ауылдар үшін де бірнеше жоба қарастырылып отыр: Успеннов ауылында 100 орындық балалардың демалыс лагерінің құрылысы, Жаңаталапта

су жүйесінің құрылысы, Березовта су жүйесінің құрылысы қайта конструкцияланады (ЖСҚ дайындалып, мемлекеттік экспертиза жүргізілді), Бөрліде бұрынғы ұжымшар ғимараты 50 орындық балалар бақшасы болып қайта жасақталады (ЖСҚ бар, мемлекеттік сатып алу бойынша «Болашақ» ЖШС жеңімпаз болып табылды), Кеңтүбекте де бұрынғы ұжымшар ғимараты 50 орындық балалар бақшасы болып қайта жасақталады (ЖСҚ бар), Даниялқөл мен Бесағаш ауылдарына газ жүргізілетін болады (ЖСҚ жасалу керек), Пугачев пен Аралтал ауылдарында су жүйесінің құрылысы қайта конструкцияланады (ЖСҚ дайындалып, мемлекеттік экспертиза жүргізілді). Ақсу, Қанай, Киров,

Бумакөл ауылдарында мектеп ғимараты жөндеуден өткізілетін болады - ЖСҚ, мемлекеттік экспертиза бар».

Ақсу тұрғындарының алдында селолық округ әкімі Наталья Хайранбаева 2011 жылдың қорытындысы бойынша баяндама жасап, шешімін күткен күрделі мәселелер туралы ой қозғайды: Ақсу-Ақсай автокөлік жолын жақсарту, Ақсу мектебінің күрделі жөндеуін аяқтау, сосынмен бірге бір пәтерлі қызметтік үйді салу, Жаңақоныс ауылында клуб салу, Ақсу селосында су желісін жүргізу, тиісті жолбадағы мал моласын салу, өрт сөндіру бөлімі ғимаратын жөндеу, округтегі электр желісін қайта конструкциялау, Билайн ұялы телефон байланысы станциясын орнату.

Кездесуге келген тұрғындар өздерін мазалап жүрген мәселелерді көтеріп, оларды шешу барысында аудан әкімінің ерекше көңіл аударуын сұрады. Ауылда тұратындарды негізінен сумен, газбен қамтылу, электр қуатының үзіліссіз берілуі, жолдың сапасы, дөрігерлік пункттің, моншаның жұмыс істеуі, т.б. мәселелер толғандырады. Біреулері алғыс айта, екіншілерінің көңілдері толмай жатты.

Сонымен бірге кездесу барысында ауыл тұрғындарына ғана емес, қала тұрғындарын да мазалап жүрген аудан орталығында автовокзалдың жоқтығы туралы мәселе де көтерілді. Себебі бұрын жұрт қаладан автобустар қашан, қандай кестемен жүретінін білетін болса, қазір қалада ондай орын жоқ. Жолға ауылдар қойаысыз ауа райында, аязды, боранды күндері әр жерде көлік күтіп тұрға мәжбүр. Аудан әкімі бұл мәселені ескеретінін және де шешімі табылатынын айтты.

